

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық
жүргізу құқығындағы «№7 қалалық емхана»
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

Шымкент қаласы

«18» наурыз 2026 жыл

Х А Т Т А М А №1/26

Қатысқандар: мекеменің барлық бөлімше қызметкерлері.

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсым әдениетті қалыптастыру.

Өткізудің технологиясы мен әдістер: сұрақ - жауап, видеоролик

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру»

Күн тәртібінде: Емхананың комплаенс офицері Н.К. Аязбаев сөз сөйледі, бүгінгі біздің жиналысымыздың басты мақсаты сыбайлас жемқорлықты түпкілікті жою, яғни өз қызметімізді шегінен шықпай, қызметті асыра пайдаланбау, өзімізге жүктелген міндеттемені жауапкершілпен қарап, адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе сарапшының жалған қорытындысы, сот актісінің орындалмауы т.с.с., осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Бүгінде Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған.

Қазір елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылуда, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары болып табылады. Осы бағытта бірқатар бағдарламалық құжаттар жүзеге асырылуда, мемлекеттік қызмет істері мен сыбайлас